



031200, Ақтөбе облысы
Шалқар қаласы,
Әйтеке би, 47 «А»
Тел:8(71335) 21-4-25
Факс:8(71335) 21-2-99
E-mail: maslixat-shalkar@mail.ru

031200, Актюбинская область
город Шалқар,
ул. Айтеке би, 47 «А»
Тел:8(71335) 21-4-25
Факс:8(71335) 21-2-99
E-mail: maslixat-shalkar@mail.ru

«__» _____ 20__ жыл

№ _____

«__» _____ 20__ года

Шалқар аудандық мәслихатының шешімі №182 28 ақпан 2018 жыл
Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-13-177
болып тіркелген

Шалқар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды

деп танылсын.

- 1) Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 сәуірдегі №14 «Шалқар ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4871 тіркелген, 2016 жылғы 6 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі;

2) Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылдың 2 желтоқсандағы № 62 «Шалқар ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» 2016 жылғы 11 сәуірдегі №14 аудандық мәслихаттың шешіміне толықтыру енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5158

тіркелген, 2016 жылғы 27 желтоқсандағы «Шежірелі өлке» газетінде жарияланған) шешімі.

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы**

О.Уксакбаев

**Шалқар аудандық мәслихаттың
хатшысы**

С.Бигеев